

**"Баянауыл ауданының экономиканың нақты секторы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне
Баянауыл ауданы Майқайың кентінің аумағында орналасқан жер пайдаланушылардың
жер учаскелерін алып қою құқығысыз сервитут белгілеу туралы**

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың кенті әкімінің 2025 жылғы 2 мамырдағы
№ 1-22/07 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19, 69-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес және 2025 жылғы 8 сәуірдегі "Баянауыл ауданының экономиканың нақты секторы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің берген өтінішінің негізінде **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙМЫН:**

1. "Баянауыл ауданының экономиканың нақты секторы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Баянауыл ауданы Майқайың кентінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын (ИҚИ) жүргізу мақсатында Майқайың кентінің аумағында орналасқан жер пайдаланушылардың жер учаскелерін алып қою құқығысыз сервитут белгіленсін.

2. "Баянауыл ауданының экономиканың нақты секторы бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға залалдарын толық көлемде өтеу, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықтау келісім бойынша жүргізілсін;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды (ИҚИ) салу мақсатында жер учаскелерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтасын;

3) жұмыс аяқталғаннан кейін бүлінген жер учаскелерін одан әрі пайдалану үшін жарамды жағдайға келтірсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Майқайың кентінің әкімі

Е. Молдатаев

Баянауыл ауданы
Майқайың кент әкімінің
2025 жылғы "02" мамыр
№ 1-22/07 шешіміне
қосымша

				Пайдалану	
--	--	--	--	-----------	--

Р/с №	Пайдаланушы	Ауданы, гектар	Нысаналы мақсаты	мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	"Баянауыл ауданының экономиканың нақты секторы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.	8,0	инженерлік-ком муникациялық инфрақұрылымд ы (ИКИ) енгізу үшін.	5 жыл	Баянауыл ауданы Майқайың кент аумағында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК